



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Министрліктер Үйі»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Нур-Султан, «Дом министерств»
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» фракциясының
депутаттарына**

2021 жылғы 7 қазандағы №ДЗ-299-хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қазақстандық авторлардың жарияланымдарын жинақтауға, бірыңғай интеграцияланған жүйеде осы жарияланымдардан дәйексөз алынуы туралы ақпаратқа, сондай-ақ ғылыми жетекшілердің кәсіби жауапкершілігін қамтамасыз етуге қатысты ұсыныстарға келесіні хабарлайды.

Докторанттардың жарияланымдарына қойылатын талаптардағы өзгерістер диссертацияларды қорғау кезінде баламалылықты кеңейтуге бағытталған. Сонымен бірге, докторантурада даярлаудың гуманитарлық бағыттары үшін баламалар көп.

Бұл өзгерістер докторанттарға Q1-Q2 Web of Science журналдарында екі мақала және бір шолу болған жағдайда диссертациялық жұмысты жазбай-ақ диссертация қорғауға мүмкіндік береді, олардың бірінде ол корреспонденцияға автор ретінде мәлімделуі тиіс. Бұл дұрыс зерттеу жүргізу стратегиясына және жарияланымдар үшін журналдар тандауға ынталандырады.

2011 жылдан бастап 8606 бітірушіден 3082 докторант (32,8%) диссертация қорғаған, оның 2824-і (91,6%) бекітілген (*шет елдерде қорғаудың пайыздық көрсеткіші орта есеппен 40%-60% деңгейінде*). Соңғы 3 жылда диссертация қорғаған докторанттардың жалпы санынан гуманитарлық бейіндегі докторанттардың үлесі 29,3%-ды құрады және олардың барлығында қажетті шетелдік жарияланым бар.

Докторантураның білім беру бағдарламасы диссертацияны рейтингі жоғары шетелдік ғылыми басылымдарда жариялауға мүмкіндік береді. Докторантура бойынша МЖБС-ға сәйкес ғылыми консультанттардың бірі шетелдік ғалымдардан тағайындалады және даярлау бағытына қарамастан, барлық докторанттар шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге міндетті.

Гуманитарлық бағыттағы рейтингтік журналдардың саны Clarivate Analytics деректер базасында 16,3 % (5588), Скопус деректер базасында 31,5% импакт-факторы бар журналдарды құрайды, бұл докторанттың зерттеуіне сәйкес келетін журналды табу үшін жеткілікті. Ұлттық жазылым шеңберінде Қазақстанның ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындары халықаралық деректер базасына тегін қол жеткізе алады. Мысалы, 2020 жылы 259 ғылыми ұйым мен жоғары оқу орны Web of Science, Scopus және ScienceDirect деректер базаларын пайдаланған. Кірудің орташа саны айына 100 000-нан асады.

Докторлық диссертациялардың уақытында қорғалмау проблемасы – бұл жоғары оқу орнында докторанттардың даярлануын бақылау мен оның сапасына қатысты мәселе.

1. Қазақстандық авторлардың жарияланымдарын, сондай-ақ осы жарияланымдардан дәйексөз алу туралы ақпаратты шоғырландыру үшін жеке ұлттық жүйені (РДКИ-ге ұқсас) пайдалануға не интеграцияланған (ШЫҰ немесе ЕАЭО шеңберінде) жүйе құруға қатысты.

Бүгінгі таңда дәйексөз базалары мерзімді басылымдардың библиометриялық көрсеткіштері, оның танымалдығы мен ғылыми мерзімді басылымдар нарығындағы сұранысы туралы деректер алуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қазақстандық дәйексөз алу базасында (бұдан әрі – ҚазДБ) 168 отандық ғылыми журнал бойынша деректер өңделеді, олардың әрқайсысы үшін жүйе сілтемелер негізінде дәйексөз алу көрсеткішін – импакт-факторды есептейді. Деректер базасында 178 мың мақала және 420 мың сілтеме бар.

Журналдың ҚазДБ-дағы импакт-факторына жүргізілген талдау, әсіресе ғылымның әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарында көрсеткіштің төмен екенін алға тартады.

Бұл отандық авторлар біздің журналдарда жарияланған авторларға сілтеме жасамайтынын және олардан дәйексөз алмайтынын көрсетеді. Мұндай жағдай ғылыми басылымдар сапасы деңгейінің төмен екендігіне дәлел бола алады.

Интеграцияланған ғылымиметриялық жүйе құру мәселесі пысықтауды талап етеді, өйткені Ресей Федерациясынан басқа, ЕАЭО елдерінде бұған ұқсас жүйе жоқ.

2. Ғылыми жетекшілердің жарияланымдар деңгейіне кәсіби жауапкершілігін қамтамасыз етуге қатысты.

Ғылыми консультанттардың докторлық зерттеуді дайындау деңгейі үшін, оның ішінде ғылыми жұмыс нәтижелерін жариялау үшін жауапкершілігі

Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережеде және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында бекітілген.

3. *WOS және Scopus-тағы мақалалардан басқа, дәрежелер беру, гранттар бөлу және тағайындау кезіндегі монографияларды есепке алуға қатысты.*

Монографиялар ғылыми жарияланымның бір түрі сияқты ғылыми қызметтің нәтижесі ретінде ескеріледі. Мысалы, философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежелеріне үміткерлердің, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобаларға қатысушы авторлардың монографиялары Ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын басылымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми журналдардағы мақалалармен бірдей ескеріледі.

Сонымен қатар, монографияның немесе оқулықтың (оқу құралының) болуы Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережелеріне сәйкес ғылыми атақтар алуға үміткерлерге қойылатын талаптардың бірі болып табылады.

Қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар үшін ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға арналған конкурстардың талаптарында іргелі және қолданбалы зерттеулер бойынша халықаралық журналдарда тек 1 мақаланың немесе отандық ғылыми басылымдарда 10 мақаланың болуы көзделген. Бұл ретте отандық ғылыми басылымдарда жарияланатын 10 мақалаға өнертабысқа берілетін патент және авторлық куәлік немесе монография теңестіріледі.

**Министрдің
міндетін атқарушы**

Қ. Ерғалиев

Орынд. Ж.Мусурова,
742370

**Депутатам фракции «Ақ жол»
Мажиліса Парламенті
Республики Казахстан
(по списку)**

На письмо № ДЗ-299 от 07.10.2021 г.

Уважаемые депутаты!

Министерство образования и науки Республики Казахстан на предложения относительно накопления публикаций казахстанских авторов, информации о цитировании этих публикаций в единой интегрированной системе, а также обеспечения профессиональной ответственности научных руководителей сообщает следующее.

Изменения в требованиях к публикациям докторантов направлены на расширение альтернативности при защите диссертаций. Причем для гуманитарных направлений подготовки докторантуры больше альтернатив.

Изменения дают докторантам возможность защиты диссертации без написания диссертационной работы при наличии двух статей и одного обзора в журналах Q1-Q2 Web of Science, в одной из них он должен заявиться как автор для корреспонденции. Это станет стимулом для правильной стратегии проведения исследований и выбора журналов для публикаций.

С 2011 года из 8606 выпускников защитили диссертации 3082(32,8%) докторанта, из них - утверждены 2824 (91,6%) (*в зарубежных странах процент защит в среднем находится на уровне 40%-60%*). За последние 3 года в общем количестве защит докторанты гуманитарного профиля составили 29,3 % и все они имеют требуемую зарубежную публикацию.

Образовательная программа докторантуры создает возможность для публикации диссертации в рейтинговых зарубежных научных изданиях. Согласно ГОСО по докторантуре одним из научных консультантов назначается зарубежный ученый и независимо от направления подготовки, все докторанты обязаны пройти зарубежную научную стажировку.

Количество рейтинговых журналов по гуманитарным направлениям составляет в базах данных Clarivate Analytics 16,3 % (5588), Скопус - 31,5% журналов, имеющих импакт фактор, что достаточно для выбора журнала,

соответствующего исследованию докторанта. В рамках Национальной подписки научные организации и вузы Казахстана обеспечены бесплатным доступом к международным базам данных. Так, в 2020 году 259 научных организаций и вузов пользовались базами данных Web of Science, Scopus и Science Direct. Среднее количество посещений в месяц превышает 100 000.

Проблема несвоевременных защит докторских диссертаций - это вопрос контроля и качества подготовки докторантов в вузе.

1. Относительно использования собственной национальной (по аналогии с РИНЦ) либо создания интегрированной (в рамках ШОС или ЕАЭС) системы для аккумуляции публикаций казахстанских авторов, а также информации о цитировании этих публикаций.

На сегодняшний день базы цитирования позволяют получать данные о библиометрических показателях периодических изданий, его популярности и востребованности на рынке научной периодики. Кроме того, в Казахстанской базе цитирования (далее - КазБЦ) обрабатываются данные по 168 отечественным научным журналам, для каждого из них на основе ссылок система рассчитывает показатель цитируемости - импакт-фактор. База данных включает 178 тысяч статей и 420 тысяч ссылок.

Анализ импакт-фактора журнала в КазБЦ показывает весьма низкие значения, особенно в социально-гуманитарных направлениях науки.

Это означает, что отечественные авторы не ссылаются и не цитируют авторов, которые публикуются в наших журналах. Такое положение дел является свидетельством низкого качественного уровня научных изданий.

Вопрос создания интегрированной наукометрической системы требует проработки, так как страны ЕАЭС, кроме Российской Федерации, не имеют аналогичных систем.

2. Относительно обеспечения профессиональной ответственности научных руководителей за уровень публикаций.

Ответственность научных консультантов за уровень подготовки докторского исследования, в том числе за публикацию результатов научной работы, закреплена в Типовом положении о диссертационном совете и Государственном общеобязательном стандарте послевузовского образования.

3. Относительно учета монографий при присуждении степеней, распределении грантов и назначениях, помимо статей в WoS и Scopus.

Монографии как вид научной публикации учитываются в качестве результата научной деятельности. Так, монографии претендентов на степени доктора философии, доктора по профилю, авторов-участников научных проектов, финансируемых из государственного бюджета, учитываются наравне со статьями в научных журналах, которые включены в Перечень изданий, рекомендуемых для публикации основных результатов научной деятельности.

Кроме того, наличие монографии или учебника (учебного пособия) является одним из требований к претендентам на ученые звания согласно Правилам присвоения ученых званий (ассоциированный профессор (доцент), профессор).

В требованиях проводимых конкурсов на грантовое финансирование научных исследований для общественных и социальных наук предусмотрено наличие только 1 статьи в международных журналах по фундаментальным и прикладным исследованиям или 10 статей в отечественных научных изданиях. При этом к 10 статьям, публикуемым в отечественных научных изданиях, приравниваются патент на изобретение и авторское свидетельство или монография.

И.о. Министра

К. Ергалиев

Исп. Ж.Мусурова,
742370